

**А.Б. Шормақова**

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Грамматика бөлімінің кіші ғылыми қызметкері

### **ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ПУНКТУАЦИЯСЫ МЕН МЕТАТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Аннотация.** Мақалада қазақ тілінің пунктуациясы мен метатілі мәселелері қарастырылып, XX ғасыр басындағы тілтанушы ғалымдардың қолданған терминдері мен жүргізген тәжірибе жұмыстары (архив деректерін қолдана отырып) сөз етіледі.

**Тірек сөздер:** тыныс белгілері, метатіл, дефис, сызық, сызықша.

**А.Б. Шормақова**

Младший научный сотрудник отдела грамматики Института языкознания имени А. Байтұрсынова

### **ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОЙ ПУНКТУАЦИИ И МЕТАЯЗЫКА**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются проблемы казахской пунктуации и метаязыка, а также термины, используемые лингвистами в начале XX века, и их экспериментальные исследования (с использованием архивных данных).

**Ключевые слова:** знаки препинания, метаязык, дефис, линия, тире.

**A.B.Shormakova**

Junior researcher of the Grammar Department of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov

### **PROBLEMS OF KAZAKH PUNCTUATION AND META-LANGUAGE**

**Annotation.** This article discusses the problems of Kazakh punctuation and meta-language, as well as the archival materials and terms that were used by linguists at the beginning of the twentieth century.

**Keywords:** Punctuation marks, meta-language, dash, hyphen.

Тыныс белгілері мен олардың қолданысы – ізденісті талап ететін күрделі мәселенің бірі. Тыныс белгілер – барлық тілге тән әмбебап құбылыс. Олардың қолданысын жете түсінген жағдайда ғана адресант пен адресат ортақ мақсатқа қол жеткізе алады. Жазбаша қатынастың қажетін өтейтін пунктуация мәтінді оқушыға жазушының ойындағыдай етіп жеткізу үшін қызмет етеді. Пунктуациялық нормалардың қалыптануы (кодификациялануы) нәтижесінде тыныс белгілердің негізгі ерекшелігі, синтаксистік құрылымдардағы қолданысы айқындалды. Алайда құрылымды нақтылап, мазмұнды егжей-тегжейлі түсіну үшін тыныс белгілерінің қойылу ережелерін білу жеткіліксіз. Әрбір белгінің қасиеті мен сапасын білу үшін оның пайда болу, даму, кемелдену жолына назар аударған жөн.

Қазақ тілінде алғаш жарық көрген газеттеріміз – «Түркістан уалаятының газеті» (1870-1882) мен «Дала уалаяты газетінің» (1888-1902) бастапқы сандарында тыныс белгі аз

қолданылды. Ұзақ, күрделі ой немесе күрделі пікірдің біткенін білдіру үшін екінші ой жаңа жолдан бастап жазылды. Яғни, ойдың біткенін көрсету үшін абзацтар қолданылды. Алайда сөйлемдердің арасын ажырату қиынға соқты. Араб тілінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес бас әріп, кіші әріп болмағандықтан, кейбір жолдарды ұғу, түсіну қиындық келтірді. Кейін басылымның редакция алқасы тыныс белгілердің қолданысын, қызметін танытып, түсіндіруге тырысты. Бұл орайда академик Р.Сыздықова былай деп жазады: «Қазақ тіліне қызмет ететін жазу таңбалары (графика, алфавит, әліпби) мен орфографиясы (емле) проблемасы XIX ғасырдың 90-жылдарынан бастап баспасөз бетінде көтеріліп, әлеумет назарына іліне бастады. «Дала уалаяты газетінің» 1896 жылғы 27-санында Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық идеясын қолдаған сауатты азамат А.Құрмамбаевтың «Қазақ тілі турасынан» деген мақаласы жарияланды. Мұнда автор қазақтың жазба тілі ноғай (тағар) сөздерімен «шұбарланып барады» деп қауіп айтады. Бұл қазақ тілінің сөздік қазынасы жайындағы алғаш көтерілген мәселе болса, әрі қарай ұлттық («қазаққа керек») жазу-графика, орфография, пунктуация мәселелері де әңгіме бола бастайды. «Дала уалаяты газетінің» (әрі қарай ДУГ) 1896 жылғы 31-32-сандарында жарияланған ағартушы Д.Сұлтанғазиннің «Қазақ тілінше жазу туралы» деген көлемді мақаласында қазақ тіліне шеттен келген сөздер жайында айта келіп, «көп заманнан бері қазақ тілінде жүріп, бұзылған себебінен (автор бұл кезде «бұзылған» деп фонетикалық тұрпаты қазақ тіліне икемделіп өзгерген құбылысты айтып отыр) араб, парсы сөздерін қазақтың сөйлеуі бойынша жазу жарайды», – деп орфографияға қатысты ең алғашқы пікірлердің бірін айтады. Бұл принципті қазақ емлесі күні бүгінге дейін танып келеді» [1].

«Дала уалаяты газетінің» бетінде тыныс белгілерінің тұр-тұрпаты мен орындары көрсетілген (ДУГ, 1986, №31). «Тыныс белгілері» деген «тыныстар» деп аталып, «тыныс белгілерін қою» дегеннің орнына «тыныстарды жүргізу» деген тіркес қолданылған. Яғни бүгінгі таңда бұл саланың метатілі біраз өзгеріске түскенін байқаймыз. *Нүкте* – «тыныс», *үтір* – «жарты тыныс», *нүктелі үтір* – «тыныстың төрт бөлгенінің бірі», *сұрау белгісі* – «сұралған жауаптың аяғына қойылатын белгі», *леп белгісі* – «ашуланып не қорқытып, яки таңданып айтқан сөздің аяғына қойылады» деп, сонымен қатар тырнақша, қос нүкте, көп нүкте, сызықшалардың тек түсіндірмелі атаулары көрсетілген (ДУГ, 1898, №42). Академик Р.Сыздықова жазба мәтіндерде тыныс белгілерінің ережелерін түзу (жасау) және оны пайдалану проблемасы қазақ мәтіндерінде XIX ғасырдың соңғы онжылдықтарында көтеріліп, XX ғасырдың басында дұрыс, сауатты жазу үшін пунктуация өте қажетті проблема ретінде орныққанын айтады [1].

XX ғасырдың басында әліпби алмасуына байланысты пунктуация мәселесі жиі талқыға түсті. Бұрынғы араб жазуында пайдаланылып келген бірқатар емле ережелерінен бас тартып, жаңа қағида ұстанушылардың қатары көбейді. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы «Емле туралы» атты мақаласында: «Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес пе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші едік пе? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл – бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын дейді.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жок. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық деп аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүй-

елі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып камалатындарына не көз салмайды-ау деймін» [2].

XX ғасырдың басында аударма ісі ерекше жанданғаны мәлім. Сол кезде орыс тілінен аударылған мәтіндердегі тыныс белгілері де қазақ тіліне сол күйінде өзгеріссіз көшкен. Бұған қазақ зиялылары қарсылық танытқаны белгілі. Бұл бағыттағы қайраткерлерді «өзгерісшілер» деп атаған. Осыған байланысты Телжан Шонанов «Орыс емлесі мен әліпбесін өзгерту мәселесі» атты мақаласында: «Өзгерісшілер төрт нәрсені талап етіп отыр: 1) орыстың осы күнгі емлесін оңайлатуды, 2) тыныс белгілерін оңайлатуды, 3) бас әріпті құртуды, 4) латын әліппесін алуды, бірақ біреу ол өзгерісті тілесе, біреулер бұл өзгерісті тілейді» [3]. Телжан Шонанов көрсетілген мәселелерге жеке-жеке тоқталып, тыныс белгілерге қатысты былай дейді: «Орыс тілінде тыныс белгілер көп болатын. Оның өзін қайта таратып қоюына 70-80 ережесі ғана болатын. Орыстың жоғарғы дәрежелі мектепті бітіріп шыққан адамдарының өзі қай жерде қандай тыныс белгісін қоюды білмей алжасатын. Орысша оқыған қазақтар да сол орыс тыныс белгілерінің ережелерін қазақ жазуының арасына араластырып шатастырады. Иінді жерінде жеңілдік келтірсе де, бірақ орыс жазуындағы қара құрық тыныс белгісі жазу ортасындағы қаптаған тікен сияқты аяқ бастырмайды. Осы күні сол жауыз қалың тыныс белгілеріне қарсы наразылық күшейтіп, соңғы кезде сөз көтерілді. Орыста тыныс белгілері де сиреп, оңайланар деп ойлаймыз. Тыныс белгілерінің жобасын жасауға білім басқармасы айрықша тағы бір кәмәсіе құрған» [3]. Сол кездегі материалдарда бұл комиссияның құрамында Пешковский, Барқын есімді азаматтардың болғаны айтылады.

1933 жылы сәуір айында Қазақстанның педагогикалық ілім зерттеу институты қазақ мектептеріндегі оқушылардың сауаттылық деңгейін, ана тілін меңгеру деңгейін тексеру мақсатымен экспедиция шығарады [4]. Сол себепті оқушылар жат жазу, көшіру, жылдам жазу, дауыстап оқу, іштен түсініп оқу жағынан зерттелген. Балалардың жат жазуына сүйеніп, емленің осы күні не күйде екенін талдауды мақсат еткен экспедиция жаңа Семейдің №16 мектебін, Затон мектебі, Ақжал мектебі, Жарма мектебі, Шәуілдір мектебі, Түркістан мектебі, Абат мектебін тексерген.


Жат жазу арқылы емле тексеруге арналған үш тест жасалған. Тестер Халық Ағарту комиссариатының 1933 жылы шығарған бағдарламасына негізделген. Осы комиссияның құрамында болған Телжан Шонановтың жазуынша, «Түркістан мен Ақжал мектебі ғана бір жөн тәуір, басқа мектеп балаларының қатасынан ат сүрінгендей. Өте-мөте Абат мектебі ең артта, жаңға ілесе алмай келе жатқаны көрінеді. Бұл мектепте бала бір сөзге екі қатадан жібереді» [4]. Әдіскер ғалым экспедиция қорытындысын кесте түрінде былайша сипаттайды:

*Бірінші бөлімде ең тәуір, ең нашар балалар қатасының салыстырма саны мынадай:*

Мектеп аты	Ең жақсы бала қатасы	Ең нашар бала қатасы
Түркістан	-	32
Ақжал	-	42
Жарма	1	75
Шәуілдір	1	144
№16	2	142
Затон	0	157
Абат	1	195

«IV бөлімдер қаталарының табандаған 50% бас әріп пен тыныс белгілеріне келеді. Мектептер жай сөйлем мен тыныс белгілерін жөнді оқытпаған, пырағырам етілмеген. Бұл бөлімдерге үндестік пен йтіншек еліктірууден, пырағырам бойынша, қата кетууге тийіс емес, шынында қата көп болып отыр. III, IV бөлімдер қаталарын талдап қарасақ, балалар ғрамагікені, ережелерін, сөйлем түрлерін білмейтінін көреміз. Сүйтіп қатаның тең жартысына тайауы тыныс белгілері. Олай болса, балалар жай сөйлем мен құрмалас

сөйлемдер жайында кіресілі-шығасылы ғана білім алған. Жоғары басқан сайын емла қатасы да өршіі бастағанын көреміз [4].



Біздің ойымызша, бүгінгі таңда да оқушылар арасында осындай сынақ жұмыстарын жүргізу қажет. Кейін эксперимент нәтижесіне байланысты оқушылардың тыныс белгісін қоюда көп қате жіберетін тұстарын, пунктуацияның басы ашылмаған тұстарын нақтылай түсу қажет.

Қазақ тіл білімінде тыныс белгілерінің қалыптасып, жүйелі дамуына орыс тіл білімінің ықпалы болмай қойған жоқ. Пунктуация мәселесі баспасөзде дүркіндүркін көтеріліп, жазуда тыныс белгілерін дұрыс қоя білудің маңызы, тыныс белгі ережелері, оларды қолдану мәселесі жиі айтыла бастады. Бұл пікірлердің барлығы қазақ тілі пунктуациясына баса назар аударылып, оны жазудың көмекші құралы ретінде тануға түрткі болғаны сөзсіз. Бұл орайда Жиенбаев С. «Сөйлемнің тыныс белгілері» (Алматы, 1940), Тыныс белгілері («Халық мұғалімі». 1939. №17-18. 78-94-б.), Ысқақов А., Хасенов Ә. «Тыныс белгілер» (Алматы, 1951), Хасенов Ә. «Пунктуацияны оқыту жолдары» (Алматы, 1957), «Синтаксис пен пунктуацияның кейбір мәселелері» (Алматы, 1957), Мұсабекова Ф. «Тыныс белгілерін оқытудың кейбір мәселелері» (Алматы, 1959), «Қазіргі қазақ тіліндегі жай сөйлем пунктуациясының негіздері» (Алматы, 1959), «Қазіргі қазақ тілінің пунктуациясы» (Алматы, 1973), Сыздықова Р. «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» (Алматы, 1960), Сыздықова Р., Неталиева Қ. «Қазақ пунктуациясының ережелері» (Алматы, 1961) т.с.с. Бүгінгі таңда пунктуация мәселелері бойынша толық әрі жүйелі мағлұмат беретін еңбек ретінде Р.Сыздықованың «Емле және тыныс белгілері» атты зерттеуін атауға болады [5].

Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде тыныс белгілерінің атаулары (метатілі) біршама қалыптасып, бекіді: *нүкте, көп нүкте, қос нүкте, үтір, нүктелі үтір, сызықша, тырнақша, сұрау белгісі, леп белгісі және жаңа жол* (немесе *абзац*). Көрсетілген атаулардың ішінде баспасөз беттері мен интернет желісінде, тіпті кейбір оқулықтарда да шатастырылып, атауы да нақты жүйеге түспей келе жатқан тыныс белгісінің бірі – сызықша (сызық).

Кейбір баспа материалдарда дефис пен сызықша бір көлемде қойылып жатады. Дұрысында, дефис пен сызықшаның қызметі мүлде бөлек, бір-біріне ұқсамайды. Дефис сызықшаның жартысындай ғана көлемде қойылуға тиіс. «Дефис» сөзі латынның *divisio* – «бөлу» деген сөзінен шыққан. Яғни кішкене сызықша түріндегі емле белгісі. Дефистің қойылатын орындары бар: 1) лексикалық мағынасын сақтаған сөздерден жасалған күрделі сөздер арасына: *инженер-технолог, батыр-ұиқыш*; 2) қос сөздердің арасына: *ел-жұрт, алай-дүлей*; 3) сөзді тасымалдағанда; 4) реттік сан есімдер цифрмен жазылса, өзімен қатысты сөзбен араларына дефис қойылады: *3-жыл, 5-рет, 7-сынып*; 5) **-ақ, -ау, -мыс, -ды** демеуліктері тіркескен жағдайда: *айтады-мыс, келмеді-ау*; Ғ) қосымшаларды ерекшелеп көрсетуде: **-ған, -ген, -мын, -мін**; 6) екі сөзден тұратын фамилияларда, адам

аттарында: *Тұрсынзаде, Салтыков-Щедрин* т.б. [6]. Дефис қойылған кезде екі жағынан бос орын (пробел) тастамай жазылады.

Ал **сызықша** – жай және құрмалас сөйлемдерде қолданылатын, бөлу-ажыратудың инвариантты семантикалық-синтаксистік мәнімен біріктірілген көптүрлі функцияларды атқаратын ұзын көлбеу сызықша түріндегі мағына мен функцияға орасан бай, жиі қолданылатын тыныс белгісі [6]. Оның мағынасы мен қызметі үтірден де көп. Сызықша баспа бетінде өте жиі қолданылады. Сызықша сөйлеудің белгілі бір бөлшектерін басқа бөлшектерден бөлу үшін де, жақындастыру, қосу үшін де, сөздердің арасындағы мағыналық, синтаксистік қатынастарды айқындау үшін де қолданылады. Мұндай функцияда қолданылғанда, сызықша кейде қосарлы, кейде дара болып келе береді. Сызықша қойғанда оның екі жағынан бос орын (пробел) қалдырылады.

Сызықшаның қойылатын жерлері:

1) бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылады. Бұл екі мүше тыныс белгісімен бөлінбейді. Олардың арасындағы тыныс белгісі сызықша (–) мүшелік қатынастарын ажырату үшін қолданылады.

2) Бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөздің алдына қойылады.

3) Алдында жалпылауыш сөзі бар бірыңғай мүшелерден кейін сөйлем аяқталмаса, ең соңғы бірыңғай мүшеден соң сызықша қойылады.

4) Диалог төл сөздің алды-артынан (егер төл сөзден кейін автор сөзі тұрса), тырнақшаға алынған төл сөздің артынан қойылады.

5) Оңашаланған айқындауыш мүшелердің екі жағынан сызықша қойылады.

6) Жалғаулықсыз салаластардың арасына қойылады.

7) Бірыңғай сұраулы мүшелерді немесе сұраулы сөйлемдерді жинақтап тұратын *әйтеуір* деген сөз түсіп қалған жерге сызықша қойылады.

8) *Сонда, сонша, сондай, соншалық, сол, мынау, мынадай* деген сөздерге аяқталған тіркестен кейін жеке сөйлем тұрса, бұл сөздерден кейін сызықша қойылады.

9) *Мекен, уақыт, сан* шендестігін білдіретін сөздердің арасына сызықша қойылады [6].

Қазіргі кезде баспасөз беттерінде, ғаламтор желісіндегі блогерлердің қолданысында сызықша мен дефис бірінің орнына бірі қолданылып, шатастырылып жүр. Мысалы: «*SEMA*» – *Түркиядағы Фатих университетінің жанынан ашылған емхана* («Түркістан» газеті 2015, 19 наурыз. №11.). – *Ролан, аманбысың? Менмін зой, – деп күрсінгендей болды* («Егемен Қазақстан» газеті, 2015, 10-ақпан. №26). – *Жарайды, көмектесейін, – деді ол сөзге келместен* («Ана тілі» газеті. 2015, 21-27 мамыр. №20). Бірінші мысалда «*SEMA*»-дан кейін дефис қойып жазған, дұрысында: «*SEMA*» – Түркиядағы Фатих университетінің жанынан ашылған емхана» болып жазылуы керек. Бұл «Бастауыш зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылады» деген ережеге [6] сәйкес келеді. Екінші және үшінші мысалдардағы диалог төл сөздердегі автор сөзінің алдынан да сызықша қойылуы қажет. Бұл жерде ғалым Рәбиға Сыздықованың: «Диалог төл сөздің алды-артынан (егер төл сөзден кейін автор сөз тұрса), тырнақшаға алынған төл сөздің артынан сызықша (–) қойылады», – деген тұжырымын басшылыққа аламыз. Келтірілген мысалдардан байқайтынымыз: екі таңбаның шатастырылып қойылуынан мағынаға онша нұқсан келмейді. Алайда дефистің морфологиялық белгі екендігін айыра білуге тиіспіз.

Сонымен қатар ереже бойынша жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады. Кейінгі уақытта жалпылауыш сөзден кейін сызықша қойылып жүр. Бұл орыс пунктуациясының әсерінен болуы мүмкін. Өйткені қазақ тіл білімінде тыныс белгілері бірыңғай мүше алдынан осылай екі түрлі болып келсін деген ережелерді кездестіре алмаймыз. Тек С.Жиенбаев 1939 жылы жарық көрген «Тыныс белгілері» деп аталатын мақаласында: «Сызықша бірыңғай мүшелердің жалпылауыш түрі жай түрлерінің арасына қойылады.



Жалпылауыш сөз қалған бірыңғай мүшелердің алдына келгенде, екі араға сызықша қоймай, қос нөкат қойса да, қате болмайды», – дейді. Бұл тұрғыда қазақ тіл білімінде пунктуацияны зерттеген тілші ғалымдар «Бірыңғай мүшелердің алдынан келген жалпылауыш сөзден кейін қос нүкте қойылады» деген ережені ұсынады [7]. Жазба тілімізге етене еніп, жазу дәстүрімізге сіңіп кеткендіктен, соңғы ережені басшылыққа аламыз.

Енді осы екі белгінің атауларына назар аударсақ. Тілімізде «тире» – «сызықша», «дефис» – «дефис» болып аталып жүр. А. Байтұрсынұлы еңбектерінде «дефис» атауының орнына «қосарлық» сөзі қолданылған: «Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу», «Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлық пен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу», «Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сөзіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сөзі бөлек жазылсын деді. Оқу жағына қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрында қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар туралы өзгеріс жоқ. Мәселен: *құрт-құмырсқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап*, тағысын тағы сондай сөздер бұрында осылай қосарлық (-) белгімен жазылатын», «Бұлар бірөңкей болса, қосыла жазылатын. Бір өңкей болмаса, араларынан қосарлық (-) белгісі қойылып жазылатын. Мәселен: *қолғап, жүк-аяқ, төсек-ағаш, тұс-күй, тұстартта, келі-саб, балтасап, қаламсап, қаламбас, қазоты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар*, тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады», «Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу», «Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу», «Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылуы айтылып отыр: *ақ-сақал, ала-бота, сасық-қурай, май-шағыр, боз-жусан, боз-торғай, боз-бұға, қара-құс, көк-құтан, ақ-қу, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз*, тағысын тағылары осылай қосарлық (-) белгімен жазылады», «Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: *Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқыайдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, Ит-алмас* (жалқы есімдер), *бір-санар, бір-тартар, бу-тартар, ат-шабар, бес-атар, құс-қонбас, ит-кірмес, жел-кесер* (жалпы есімдер)» т.с.с. [2].

Сондай-ақ 1929 жылы 2-4 маусымда Қызылордада өткен конференциядағы «Қазақ тілінің емлесі жайлы қаулыда» «қосарлық» сөзінің орнына «сызықша» атауы қолданылған: «Жалпылағыш қос сөздер сызықшамен жазылады. Ондай сөздердің жалғас дыбыстарының біріне-бірінің тигізетін ықпалы еленбейді, екеуі де түбірінше жазылады. («киім-кешек» – «киім-гешек» емес, «төсек-орын» – «төсег-орын» емес, «айыб-анжы» емес – «ай-ып-аншы», «қатын-ғолаш» емес – «қатын-қолаш»). Екінші бөлегіміз бас дыбысы өзгеріп айтылатын қайталама сөздер де сызықшамен жазылады (*ол-нұл, тайақ-маяқ, етік-метік*). Арасына «ма» кіріп қайталайтын сөздер де сызықшамен жазылады, «ма» алдындағы сөзден сызықшамен айрылады (қол-ма қол, көз-бе көз). Ескерту: арасына «ды» салып қайталайтын «өз-ді өзі» сықылды сөздер де алдыңғы сөзден «ды» сызықшамен айрылады, «өз-ді өзі». Сын есімнің басындағы дыбыстарына «п» жалғанып, түбірдің алдынан қосылып сын есімнің өзін таңдаулы шырай қылып шығаратын болғанда, оны мен түбірдің арасына сызықша қойылады, өзінің айағындағы «п» ылғи сол «п» күйінде жазылады. Түбіріннің басындағы ұяң дыбыстың ықпалы мен «б» болып өзгергені еленбейді (*ұп-ұзын, қып-қысқа, жап-жақсы, доп-домалақ, доб-домалақ* емес). Ескерту: бұл сықылды қосымшалардың түбірмен тұтасып, дыбыстарының орны-орны өзгеріп кеткендері, сызықшасыз түбірмен бірге жазылады. Өзгерген дыбыстары өзгерген күйінде, естілуінше жазылады (*атпақ, көкпеңбек*) [9].

Байқап отырғанымыздай, XX ғасырдың басында «дефис» атауының баламасы ретінде «қосарлық», «сызықша» сөздері қолданылған. Ол кезде (XX ғасыр басында) өзге тілдік сөздерді қабылдауда мына ұстанымдар негізге алынған: а) жат атаулардың мағынасын түсіндіргендей қазақ сөзін алу; ә) оған қолайлы қазақ сөзі болмаса, түркі сөзін алу; б) түркі сөзі де тура келмесе, қазақ тілінің заңына үйлестіріп еуропа сөзін алу [10].

Тілімізде «дефис» сөзінің баламасы ретінде дайын сөз табылғандықтан, оның жат тілдік нұсқасын алудың қаншалықты керекті бар?

Қазіргі кезде «сызықша» атауы «тире» сөзінің баламасы ретінде қолданылып жүр. Дұрысында, **-ша/-ше** қосымшасы кішірейту мәнін білдіреді (*қалташа, күртеше, қалақша* т.с.с.). Ендеше, қазақ тілінің өзіндік ерекшелігіне сәйкес «сызықша» атауын «дефис» сөзінің баламасы ретінде, «сызық» атауын «тире» сөзінің баламасы ретінде қолдануға болады деп есептейміз. Бұлайша атау терминнің нақтылық, айқындылық, уәжділік сияқты негізгі талаптарына да сәйкес келер еді.

Сонымен, «жазу ноталары» саналатын тыныс белгілер жазба мәтінді шашыратпай, жинақтап жеткізуге мүмкіндік береді. Пунктуациялық норманы орнықтыру үшін алдымен мета тілін жүйелеу қажет, тыныс белгілердің ережелері мен қолданылу орындарын білумен қатар, оның мәнін ұғынып, қағидаларын, ұстанымдарын түсіну қажет. Сонда ғана пунктуация ой мен сөздің тұтас үдерісін бейнелеп бере алады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Сыздықова Р. А. Байтұрсынов жазуы және емле ережелерінің тарихы // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. Ғылыми-әдістемелік журнал. 2009. №2-3 (ақпан-наурыз). 9 б.

[2] Байтұрсынұлы А. Емле туралы // Еңбекші қазақ. 27.03.29. – 7 б.

[3] Шонанов Т. Орыс емлесі мен әліппесін өзгерту мәселесі // XX ғасырдың басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Қазығұрт, 2013. 165 б.

[4] Шонанұлы Т. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 2015. 3-т. 110-226-бб.

[5] Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған экон. ғыл. докт., профессор Е. Арын. Павлодар, 2007. 205-209 бб.

[6] Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. Алматы: Рауан, 1996. 285 б.

[7] Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. Астана: Елорда, 2000. 527 б.

[8] Жиенбаев С. Тыныс белгілері // Халық мұғалімі. 1939. №17-18. 78-94-бб.

[9] Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. Алматы, 1930. 58 с.

[10] Жолдыбаев М. Қазақ тілін байытамыз // Еңбекші қазақ. 12.VIII.1926.